

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ» ММ

№17-13-03-06

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«Жалпы білім беретін Махамбет Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Атырау – 2024 жыл қараша

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«Жалпы білім беретін Махамбет Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы
қорытынды

Атырау қ.

2024 жылғы «29» қараша

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі – Бағалау критерийлері), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі –Департамент)басшысы бекіткен 19.02.2024 ж. №97-нқ 2024 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 25-29 қараша аралығында Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Махамбет Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Мемлекеттік аттестаттауды департамент басшысының 2024 жылғы 22 қарашадағы 483-нқ бұйрығымен төменде берілген құрамда бекітілген аттестаттау комиссиясы жүргізді (бұдан әрі-комиссия):

Комиссия құрамы:

1. Турекешов Ғабиден Орынбасарович – Департаменттің білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
2. Төлепова Самал Нартайқызы – «№34 көп салалы мектеп гимназиясы КММ-нің оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
3. Изтаева Салтанат Маратовна – «Жалпы білім беретін №1 Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі» КММ-ның ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;
4. Жамансариева Куралай Сериковна – «№12 Ф.Досымов атындағы орта мектеп» КММ-нің оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
5. Нысанбаева Сабира Мухитовна – «№10 Құлыншақ бөбекжай-бақшасы КМҚК-нің әдіскері, комиссия мүшесі.

Комиссиямен бағалау критерийлеріне сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына, оның ішінде көрсетілген білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді (бұдан әрі – МЖМС). Бағаланатын кезең 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары толығымен, 2024-2025 оқу жылының 2 айы (бұдан әрі – Бағаланатын кезең).

Өзін өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізілді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер	
1)	білім беру ұйымының толық атауы Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Махамбет Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері Атырау қаласы, Еркінқала ауылдық округі, Рақуша ауылы, Қазақстан құрылыс 16
3)	заңды тұлғаның байланыс деректері Телефон: 87122515389, электронды пошта: school_utemisov@edu.mail.kz Домендік атау: atyrau-utemisov.edu.kz Құжаттарға сілтеме: https://drive.google.com/drive/folders/15FXG8NYzM2is91ldHZt2xLhCuv8e0ot
4)	заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының толық аты-жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетіледі, бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі, жұмыс/ұялы телефоны, электрондық поштасын көрсету). Мектеп директоры Хисин Наурызбек Нурназарович, ұялы телефоны: 87021170596 "Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімі» 2021 жылғы 25 қарашадағы №467 бұйрығы негізінде «Жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры болып тағайындалды. Бұйрық көшірмесі қоса берілді.
5)	құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (мемлекеттік тіркеу нөмірін, БСН, заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама/куәліктің берілген күнін, жарғы/ереже деректерін көрсету, мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтама/куәліктің көшірмесін қоса беру). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 15 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 25.04.2001 жыл БСН-010440002547 Құрылтайшысы: «Қазақстан Республикасы Атырау облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
6)	рұқсат беретін құжаттар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 13.12.2021 жылы №KZ66RVK00037711 берілген. «Е-лицензиялау ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келмейді. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 26.01.2021 жылы білім беруге рұқсат берілген № KZ52LAA00020203 лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) жалпы орта білім беру көрсетілген. Бастауыш орта, негізгі орта көрсетілмеген.

2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ мазмұнына қойылатын талаптар:

1)	<p>оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығым, бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі;</p> <p>Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында, 2022-2023 оқу жылында 4 мектепалды сыныбы «А», «Ә», «Б», «В» жұмыс жасады. 2023-2024 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы «А», «Ә» сыныптары жұмыс жасағаны анықталды. Ағымдағы 2024-2025 оқу жылында 2 мектепалды сыныптары «А», «Ә» жұмыс жасауда.</p> <p>ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес жасалған және бекітілген. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныптарында бекітілген оқу жоспарында барлығы 20 сағатты құраған. 2022-2023 жылдың перспективалық оқу жоспары тек қана мектепалды «Б» сыныбы ұсынылған, қалған сыныптар перспективалық оқу жоспары, 2023-2024 оқу жылының перспективалық оқу жоспарлары және ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, циклограммалар толық ұсынылмаған. 2024-2025 оқу жылының да оқу жоспары, циклограммасы да толық ұсынылмаған.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-тарау 1-қосымша 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 2,3-қосымшасына сәйкес келмейді.</p>
2)	<p>білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;</p> <p>Талдау нәтижелері:</p> <p>2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың</p>

үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Алайда 2022-2023,2023-2024 оқу жылдарының мектепалды «А» сыныбының ғана құжаттары талданды 2022-2023, 2023-2024,2024-2025 оқу жылдарында барлық мектепалды «А» сыныбында перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарлама негізінде пән мұғалімдерімен бірлесе отырып құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеші ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытқан. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынған яғни бағдарламаның міндеттері толықтай айқындалған.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген.

2022-2023,2023-2024 оқу жылдарының мектепалды «А» сыныбының ғана құжаттары талданды қалған сыныптардың перспективалық жоспарлары, циклограммалары ұсынылмады.

ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша, 1-тарау 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3 қосымшасына сәйкес келмейді.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау нәтижелері:

Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында мектепалды сыныптармен ортаңғы және ересек топтар 5 күндік жұмыс аптасымен мектепалды топ жарты күн жұмыс жасаған.

2022-2023 оқу жылы

№	Мектепалды сыныбы	Бала жасы	Бала саны
1	МАД «А»	5 жастағы балалар	25
2	МАД «Ә»	5 жастағы балалар	24
3	МАД «В»	5 жастағы балалар	24
4	МАД «Б»	5 жастағы балалар	24
	Барлығы 4		97

2023-2024 оқу жылы

№	Мектепалды сыныбы	Бала жасы	Бала саны
1	МАД «А»	5 жастағы балалар	15
2	МАД «Ә»	5 жастағы балалар	16

Барлығы 2	31
-----------	----

2024-2025 оқу жылы

№	Мектепалды сыныбы	Бала жасы	Бала саны
1	МАД «А»	5 жастағы балалар	23
2	МАД «Ә»	5 жастағы балалар	20
	Барлығы: 2		43

Мектепалды сыныбының тәрбиеленушілерінің МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері жас ерекшелігіне сәйкес сақталған. Аталған өлшемшарттар бойынша педагог кадрларға талдау барысында

2022-2023 оқу жылына

Барлық педагог	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
4	3	1

2023-2024 оқу жылына

Барлық педагог	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
2	1	1

2024-2025 оқу жылына

Барлық педагог	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
2	1	1

Педагогтардың кәсіби біліктілігі:

Педагогтар біліктілікті арттыру курсынан 2022-2023, 2023-2024, 204-2025 оқу жылдарында өткендері туралы мәлімет ұсынылмаған.

Біліктілік санатының деңгейі:

1. Жалелова А.Б, білімі жоғары, бітірген мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», педагогикалық өтілі – 20 жыл, «Педагог-модератор» 2024ж.
2. Дүйсенова А.Ғ, білімі арнаулы орта, бітірген мамандығы «Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі», педагогикалық өтілі – 5 жыл , санаты жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ:Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 2 тарау, 24 тармағына сәйкес келмейді.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау нәтижелері: Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсеткені анықталды.

Мониторинг нәтижелері бойынша топ тәрбиешісі мектептің (лицей, гимназия) мектепалды сыныбының педагогі жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен бірлесіп, оқу жылына баланың Жеке даму картасын толтырған. Жеке даму картасында дамыту және түзету шаралары жазылған. Түзету шаралары критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен жүргізілгендігі айқындалды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылында балалардың физикалық даму, коммуникативтік,

танымдық- зияткерлік, шығармашылық- зерттеушілік, әлеуметтік- эмоционалдық дағдылары бойынша педагогтар жасақтаған жиынтық есебі балалардың біліктерімен дағдылары дамуының бақылау нәтижелері ұсынылған.

2022-2023 оқу жылы жүргізілген бастапқы және қортынды диагностикасының жиынтық есебінде балалар саны сәйкес келеді. Балалардың білік білім дағдыларының диагностикалауда мектепалды «Б» сыныбына жасақталған, барлығы -24 балаға өтізілген, қалған сыныптардың мәліметтері ұсынылмады.

2023-2024 оқу жылы жүргізілген бастапқы және қортынды диагностикасының жиынтық есебінде балалар саны сәйкес келеді. Балалардың білік білім дағдыларының диагностикалауда барлығы -31 баламен жүргізілген.

2024-2025 оқу жылы жүргізілген бастапқы диагностикасының жиынтық есебінде балалар саны сәйкес келеді. Балалардың білік білім дағдыларының диагностикалауда мектепалды «А» сыныбына жасақталған, барлығы -23 балаға өткізілген.

2022-2023 оқу жылы балалардың білік білім дағдыларының диагностикалауда мектепалды «Б» сыныбына жасақталған, барлығы -24 балаға өткізілген, қалған сыныптардың мәліметтері ұсынылмады.

2024-2025 оқу жылы мектепалды «Ә» сыныбының мәліметтері ұсынылмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келмейді.

5) **тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;**

Талдау нәтижелері:

Зерделеу кезінде **2022-2023** оқу жылындағы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы) ұйымдастырылып жүргізілген, алайда МАД «Б» сыныбынан басқа сыныптардың яғни тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болмауы және нәтижелерін талдау бойынша ақпарат ұсынылмады. 2024-2025 оқу жылының МАД «А» сыныбы балаларының біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы) ұйымдастырылып жүргізілген, алайда МАД «А» сыныбынан басқа сыныптардың яғни тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болмауы және нәтижелерін талдау бойынша ақпарат ұсынылмады.

Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен
24 МА «Б»	0	11	13	0	11	13	0	11	13	0	11	13	0	11	13

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша 2023-2024 оқу жылының БАСТАПҚЫ даму мониторингі бойынша

Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен
31	15	13	3	11	15	5	9	14	7	10	14	7	9	18	4

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша 2024-2025 оқу жылы бастапқы даму мониторингі

Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен
23	13	7	3	5	15	3	4	9	10	8	10	5	4	15	4

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келмейді.

б) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау; 2022-2023 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қорытынды даму мониторингі.

Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен
24															

	17	7	0	18	6	0	14	10	0	18	6	0	16	8	0
--	----	---	---	----	---	---	----	----	---	----	---	---	----	---	---

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша **2023-2024** оқу жылының **қорытынды** даму мониторингі бойынша

Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен	жоғары	Орташа	Төмен
31	22	9	0	15	16	0	17	14	0	16	15	0	18	13	0

Талдау нәтижелері: Зерделеу кезінде **2022-2023** оқу жылындағы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг (қорытынды) ұйымдастырылып жүргізілген, алайда МАД «Б» сыныбынан басқа сыныптардың яғни тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (қорытынды) болмауы және нәтижелерін талдау бойынша ақпарат ұсынылмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келмейді.

3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері:

Талдауға ұсынылған өткен оқу жылдарындағы 2022-2023, 2024-2025 оқу жылындағы құжаттарды зерделеу барысында тәрбиелеу-білім беру процесі балалардың Физикалық қасиеттерді, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді күн сайын кіріктіру арқылы жүзеге асырылды. **2022-2023** оқу жылына оқу жоспарының мектепалды «Б» сыныбының мәліметі ұсынылған, қалған сыныптардың мәліметі ұсынылмады.

2023-2024 оқу жылының оқу жүктеме мәліметі ұсынылмады.

2024-2025 оқу жылдарында барлық мектепалды сыныптарында:

Дене шынықтыру – 3 сағат;

Сөйлеуді дамыту – 2 сағат;

Көркем әдебиет – 2 сағат;

Қазақ тілі – 2 сағат;

Сауат ашу негіздері – 3 сағат;

Математика негіздері – 3 сағат;

Қоршаған ортамен таныстыру – 2 сағат;

Сурет салу – 0,25;

	<p>Мүсіндеу – 0,25; Жапсыру – 0,25; Құрастыру – 0,25; Музыка – 2 сағат; Барлығы – 20 сағатты құрады. Оқу жүктемесі сақталған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша, 3-тарау, 22-тармағына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы 2 -қосымшасына сәйкес келмейді.</p>
<p>4. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:</p>	
<p>1)</p>	<p>балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; Талдау нәтижелері: Балалар білім беру ұйымына 5-6 жастан мектепалды тобы бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. Бақыланатын кезең аралығындағы оқу жылдарында мектепалды сыныбы жинақталған. 2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныптарында - 97 тәрбиеленуші білім алған. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбында 31 тәрбиеленуші білім алды. 2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныбында 43 тәрбиеленуші білім алуда. Тәрбиеленуші тізімі жасалып бекітілген. Мектепке дейінгі жас – 5 жастағы балалар қамтылған. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Білім беру ұйымында топтарды жинақтау барысында балалардың жас ерекшелігі сақталған. Оқу жылдарында топтарда балалардың жас кезеңділігі бойынша жинақтау жұмыстары жүргізілген. Топтар жас кезеңдерімен іріктелген, жас ерекшелігі сәйкес келеді.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 4-тарау, 24-25 тармағына сәйкес келеді.</p>
<p>2)</p>	<p>тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау. Талдау нәтижелері: 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі); 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында-жазғы сауықтыру кезеңі; 3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында балалардың жасын ескере отырып, жас шамасы бойынша мектепалды сыныптарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау қағидасы жүзеге асырылған. Мектепалды сыныбының тәрбиеленушілерінің МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері жас ерекшелігіне сәйкес сақталған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан</p>

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 26-тармағына сәйкес келеді.

2	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ критерийлері:
1)	<p>Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;</p> <p>Талдау нәтижелері: 2022-2023 оқу жылының №1 оқу жоспары 1-4-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 11-қосымшамен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 11-қосымша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) жасақталған. 5-9-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16-қосымшасымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 16-қосымша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) жасақталған. 10-11 сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 21,22-қосымшасымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 21,22-қосымша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) жасақталған.</p> <p>2022-2023 оқу жылының №2 оқу жоспары 1-4-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 11-қосымшамен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 8-қосымша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) жасақталған. 5-9-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16-қосымшасымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 13-қосымша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) жасақталған. 10-11 сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 21,22-қосымшасымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 18,19-қосымша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) жасақталған.</p> <p>2023-2024 оқу жылының оқу жоспары 1-4-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11-қосымшасымен (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 6-қосымшасы), 5-9-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16-қосымшасымен</p>

(2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 13-қосымшасы) жасақталған. 10-11 сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 21,22-қосымшасымен (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 11,12-қосымшасы),

2024-2025 оқу жылының оқу жоспары 1-4-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11-қосымшасымен (2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 6-қосымшасы), 5-9-сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16-қосымшасымен (2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 16-қосымшасы) жасақталған. 10-11 сынып бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 21,22-қосымшасымен (2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 21,22-қосымшасы) жасақталған.

2022-2023 оқу жылына арналған №1 оқу жоспарында 9 «Ә» сыныбына инварианттық компоненттен таңдауға берілген биология пәнінің 2 сағатының 1 сағатын «шет т» деп жазылған. Осы сыныпқа берілген инварианттық компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы дұрыс таңдалмаған. Қазақ тілі, биология, алгебра пәндері таңдалған. Бұл пәндер комбинациясына сәйкес келмейді.

№2 оқу жоспарында 7 «А, Б» сыныптарында инварианттық компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы дұрыс берілмеген. Атап айтар болсақ алгебра, химия, дүниежүзі пәндеріне берілген.

8 «А» сыныбына инварианттық компоненттен таңдауға берілген биология пәнінің 2 сағатының 1 сағатын «шет т» деп жазылған. 8 «А, Б», 9 «Ә» сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндеріне қазақ тілі, алгебра, биология берілген. Бұл таңдау пәндерінің комбинациясына сәйкес келмейді. 2022-2023 оқу жылында бекітілген сабақ кестесі ұсынылмаған. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында пән атаулары қысартылып жазылған, мысалы «Орыс тілі», «Кәсіп ж/е биз.», «Дене шынықтыру» ф (спорттық ойын), т.б. 10-11 сыныптарда «Алгебра» деп жазылған. Пән атауларын оқу жоспарына сәйкес жазу ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 3-қосымша 5-тармаққа сәйкес келмейді.

2) **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарларға және оқу пәндерінің, элективті курстардың және таңдау пәндерінің базалық мазмұнын меңгеру бойынша теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдарына талдау жүргізілді. Журнал бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға зерделеу барысында мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары барлық пәндер бойынша толық сақталған.

	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 2-қосымша 10-26-тармаққа, 3-қосымша 22-38-тармаққа, 4-қосымша 22-28-тармақтарына сәйкес келеді.</p>
3)	<p>білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;</p> <p>Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында төмендегідей жұмыстардың жүргізілгендігі талданды. Мектептің оқу-тәрбие процесін өзін-өзі бағалау кезінде «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін» жүзеге асыру аясында тәрбие жұмысының 8 бағыты және «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асырудың 3 бағыты бойынша 3 жылғы жұмыс жоспарлары зерделенді. Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарларын жасақтауда мақсат және міндеттері, тәрбиенің негізгі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары, күтілетін нәтижелер негізге алынған. Жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралар, жауапты тұлғалар, өту мерзімдері мен сыныптар көрсетілген.</p> <p>2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» 3-құндылығы бойынша тәрбие жоспары жасақталынған. 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» 6 құндылығы бойынша тәрбие жоспары жасақталынып бекітілген. Тәрбие жылдық, айлық, апталық жоспарлары ұсынылған. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілген.</p> <p>Тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған.</p> <p>Ұлттық тәрбие аясында халықтардың мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы, мемлекеттік тіл, мемлекеттік рәміздер, өлкетану бағытында саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұралар бойынша, өзге де тәрбие саласына шаралар жасалған. Оқу жылдарында тәрбиелік іс-шаралар жүргізіліп, бекітілген сынып жетекшілері мен педагогтар арқылы жүзеге асырылып отырған.</p> <p>Мектепте 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсанға – төрт өнер», «9 айға 9 іс-шара», «Ата-аналар мектебі», «Оқуға құштар мектеп», «Ұшқыр -ой алаңы» жобалары ұйымдастырылады.</p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру барысында сынып жетекшілердің жұмыс міндеттемелері мен білім алушыларға арналған мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 2-қосымша 5,7-тармағына, 3-қосымша 7,12,13, 4-қосымша 12,16,21-тармақтарына</p>

	сәйкес келеді.
4)	<p>білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;</p> <p>Талдау нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған. Білім алушылармен қазақстандық патриотизм сезім, құқықтық және азаматтық сана-сезім, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығы, парасаттылық пен адалдық, толеранттылық, еңбекке деген құрмет, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғыл мен әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алу, адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалды, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтараралық келісім, толеранттылық отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік, эстетикалық сана, эстетикалық талғам, зияткерлік ұстаным, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы, ақпараттық мәдениет, салауатты өмір салты, дене шынықтыруымен спортпен дене бітімін жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау бағытында іс-шаралар жоспарланып жүргізілген. Білім алушылар аудандық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысып, оқушылар өзіндік жұмыспен айналысқан. Ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу жүргізілген. Каникул күндерінде отбасылық сайыстар, спорттық жарыстар, патриоттық әндер байқау өткізілген. Пән мұғалімдері өзара тәрбие сағаттарына оқушылардың тәртібін бақылау, тәжірибе алмасу мақсатында қатысып отырған, талдау жасалған.</p> <p>Үйірмелер мектепшілік, мектептен тыс жүргізіледі. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Спорттық секцияларға 75 оқушыға жуық оқушылар қатысады. Мектеп бойынша 7 үйірме жұмыс жасайды. 80 оқушы қамтылған. Мысалы, пікірсайыс, спорттық секциялар, қамтамасыз етілген. Мектептен тыс үйірмелерге 150-ге жуық оқушы қатысады. Атап айтар болсақ, би үйірмесі, домбыра, драма, күрес, футбол, теннис, волейбол, грек-рим т.б.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-</p>

	ның 2-қосымша 5,7-тармағына, 3-қосымша 16-тармағына, 4-қосымша 17-тармағына сәйкес келеді.
5)	<p>білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі); Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, бейінді оқыту іске асырылған.</p> <p>2022-2023 оқу жылында №1 оқу жоспары: 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (10 «Б» сыныбында химия, биология); стандартты деңгей 2 сағаттан 1 пән (графика және жобалау). 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (дүниежүзі тарихы, география); стандартты деңгей 2 сағаттан 1 пән (кәсіпкерлік және бизнес негіздері). 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (11 «А» сыныбында физика, география); стандартты деңгей 2 сағаттан 1 пән (графика және жобалау).</p> <p>2022-2023 оқу жылында №2 оқу жоспары: 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (10 «Б» сыныбында химия, биология); стандартты деңгей 1 сағаттан 2 пән (география, графика және жобалау). 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 2 сағаттан 2 пән (құқық негіздері, физика); стандартты деңгей 2 сағаттан 2 пән (кәсіпкерлік және бизнес негіздері, география). 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (11 «А» сыныбында физика, география); стандартты деңгей 1 сағаттан 2 пән (графика және жобалау, дүниежүзі тарихы).</p> <p>2023-2024 оқу жылында 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (10 «Ә,Б» сыныбында физика, биология); стандартты деңгей 1 сағаттан 2 пән (дүниежүзі тарихы, құқық негіздері). 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (11 «Ә» сыныбында физика, биология); стандартты деңгей 1 сағаттан 2 пән (құқық негіздері және дүниежүзі тарихы). 11-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 2 сағаттан 2 пән (11 «А» сыныбында география, құқық негіздері); стандартты деңгей 2 сағаттан 2 пән (физика және кәсіпкерлік және бизнес негіздері).</p> <p>2024-2025 оқу жылында 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (10 «Ә» сыныбында физика, химия); стандартты деңгей 1 сағаттан 2 пән (дүниежүзі тарихы, құқық негіздері). 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 2 сағаттан 2 пән (дүниежүзі тарихы, география); стандартты деңгей 2 сағаттан 1 пән (химия, биология). 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән (11 «Ә» сыныбында физика, биология); стандартты деңгей 1 сағаттан 2 пән (құқық негіздері және дүниежүзі тарихы). 11-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт (төмендетілген оқу жүктемесімен) – тереңдетілген деңгей 2 сағаттан 2 пән (11 «А» сыныбында география, дүниежүзі тарихы); стандартты деңгей 2 сағаттан 2 пән (биология және кәсіпкерлік және бизнес негіздері).</p>

	<p>Оқу жылы ішінде бағдарламаларда анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Стандарттық және тереңдетілген деңгей бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар электронды журналға 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес толтырылған. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық білім алушылар игерген.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 4-қосымша 13,14-тармағына сәйкес келеді.</p>
<p>б)</p>	<p>ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру; Талдау нәтижелері 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту ұйымдастырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың дәрігерлік консультациялық қорытындылары түгел ұсынылған. 2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар саны-4. Амангелді Ж.-9 «А», Ақкерей М -7 «Б», Балтабай М. – 5 «Б», Сайлыбек А. -5 «Ә» 2022-2023 оқу жылында үйден оқитын 4 оқушы. Мирас Н– 8 «А», Айдын Ж – 9 «А», Оңайбай Г -11 сынып, Аскарова Р-11 сынып Аталған оқу жылында оқу жоспарлары 2012 жылғы 8 қарашадағы 500-бұйрықтың 9-қосымша, 57-қосымша, 55-қосымшалармен жасалынған. 2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар саны-3. Болатова А -1 «А», Жақсығали М -2 «Б», Самат К-3 «Б» 2023-2024 оқу жылында дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде денсаулық жағдайына байланысты үйден оқу ұйымдастырылған. Үйден оқитын 4 оқушы бар: Айтжан Х. - 1 «А», Ғалымжанқызы А. – 1 «Ә», Мирас Н. -9 «А», Серикова М. - 10 «А» (уақытша) Аталған оқу жылында оқу жоспарлары 2012 жылғы 8 қарашадағы 500 бұйрығының бастауыш сыныпта 4-қосымша 11-тарау, 53-қосымша, негізгі орта білім беруде 10-қосымша 10 тараумен жасалынған. 2024-2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар саны-4. Құрмет А. -2 «Б», Жақсығали М.-3 «Б», Самат К.-4 «Б», Мәуленхан М.- 7 «Ә» 2024-2025 оқу жылында үйден оқитын оқушы саны-1, Серикова М. -11 «А» Аталған оқу жылында оқу жоспарлары 2012 жылғы 8 қарашадағы 500 бұйрықтың 59-қосымшасымен жасалынған. Оқу жоспарлары әр оқушының дәрігерлік консультациялық қорытындысына сәйкес келеді.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 2-қосымша 40,45-тармағына, 3-қосымша 6,9,14,42,61-тармақтарына, 4-қосымша 14,32,36,43,55-тармақтарына сәйкес келеді.</p>
<p>7)</p>	<p>ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру; Талдау нәтижелері 2022-2023, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі</p>

жасалып, бекітілген. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген. Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік компоненті орындалған.

2022-2023 оқу жылында 1-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, қызықты математикаға, 2-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, логика әлеміне, 3-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, логикаға, 4-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математика әлеміне берілген.

5-6 сыныптарда 1,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке берілген. 7 сыныптарда 4,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, қазақ тілі, алгебра, физика, химия, биология, дүниежүзі тарихы пәндеріне берілген.

8 сыныптарда 4,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, қазақ тілі, алгебра, биология, география пәндеріне берілген.

9 сыныптарда 5 сағат спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, қазақ тілі, биология, география, алгебра, химия, физика пәндеріне берілген.

10 сыныптарға қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға 6 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, шет тілі, биология, химия, дүниежүзі тарихы пәндеріне берілген.

10 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға 7 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, физика, география, құқық негіздері, дүниежүзі тарихы пәндеріне және элективті курс берілген.

11 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға 7 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, химия, биология, құқық негіздері, пәндеріне және элективті курс берілген.

2023-2024 оқу жылында 1-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математика өмірде, 2-сыныптарда 3 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математика және логика, жұмбақтар сандығы, 3-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математика шыңы, 4-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математикалық жобалар берілген.

5-6 сыныптарда 1,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке берілген. 7 сыныптарда 4,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, ағылшын тілі, биология, Қазақстан тарихы пәндеріне берілген.

8 сыныптарда 4,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, қазақ тілі, биология, география пәндеріне берілген.

9 сыныптарда 5 сағат спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, қазақ тілі, биология, география пәндеріне берілген.

10 сыныптарға қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға 5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, физика, химия, құқық негіздері пәндеріне берілген.

10 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға 6 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, география, химия, информатика пәндеріне және элективті курс берілген.

11 сыныптарға қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға 5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, химия, биология, дүниежүзі тарихы пәндеріне берілген.

11 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға 6 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, химия, география, информатика

	<p>пәндері және элективті курсқа берілген.</p> <p>2024-2025 оқу жылында 1-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, көркем жазу , 2-сыныптарда 3 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математика және логика, жұмбақтар сандығы, 3-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математика шыңы, 4-сыныптарда 2 сағаты дене шынықтыру: спорттық ойындарға, математикалық жобалар берілген.</p> <p>5-6 сыныптарда 1,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке берілген. 7 сыныптарда 4,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, ағылшын тілі, қазақ тілі, география пәндеріне берілген.</p> <p>8 сыныптарда 4,5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, биология, қазақстан тарихы, шетел тілі пәндеріне берілген.</p> <p>9 сыныптарда 5 сағат спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, қазақ тілі, биология, география пәндеріне берілген.</p> <p>10 сыныптарға қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға 5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, физика, информатика, құқық негіздері пәндеріне берілген.</p> <p>10 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға 6 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, география, биология, информатика пәндеріне және элективті курс берілген.</p> <p>11 сыныптарға қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға 5 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, химия, физика, құқық негіздері пәндеріне берілген.</p> <p>11 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға 6 сағаты спорттық ойындарға, жаһандық құзыреттілікке, химия, география, информатика пәндері және элективті курсқа берілген.</p> <p>2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында вариативті компонент сағаттарының сабақ кестесі «Күнделік» электронды журналға салынған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 2-қосымша 4-тармағына, 3-қосымша 5,18-тармақтарына, 4-қосымша 9-тармағына сәйкес келеді.</p>
8)	<p>"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру; Талдау нәтижелері 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы бойынша 1-3-сыныптар аралығында – 6 сағаттан, 4-сынып бойынша – 10 сағаттан дүниетану оқу пәні шеңберінде және 5-9-сынып аралығында денешынықтыру пәні шеңберінде – 15 сағаттан салынған. Журналда күнтізбелік тақырыптық жоспарлары ұсынылған.</p> <p>2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында 10-11-сыныптарда Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні есебінен - 12 сағат жүргізілу керек. Алайда 1-3, 4 сыныптарда дүниетану пәні аясында сағат сандары толық салынбаған, 5-9 10-11-сыныптар бойынша журналға күнтізбелік тақырыптық жоспарларында нақтылап салынбаған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-</p>

	ның 2-қосымша 25-тармағына, 3-қосымша 56-тармағына, 4-қосымша 50-тармағына сәйкес келмейді.
9)	<p>"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру; Талдау нәтижелері 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында жолда жүру ережесі міндетті курсы бойынша 1-4-сыныптар аралығында – 6 сағаттан және 5-8 сынып аралығында – 10 сағаттан сынып сағаты есебінен жүргізілген. Барлық сыныптар бойынша электрондық журналға күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары нақты енгізілмеген.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМС-ның 2-қосымша 26-тармағына, 3-қосымша 38-тармағына сәйкес келмейді.</p>
